

ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ

Эволюция және гендер.
Мәдениет және жыныс

2-тарау. Мәдениет және ген





Дәрістің мақсаты: оқырмандардың эволюция және гендер, мәдениет және гендер, биология және мәдениет түсініктерінің арақатынасы туралы ойларын қалыптастыру.

Жоспар:

1. Эволюция және гендер;
2. Мәдениет және гендер;
3. Биология және мәдениет.

Бүгінгі біз сіздермен эволюция және гендер, мәдениет және гендер, биология және мәдениет түсініктерінің арақатынасы туралы сөз қозғайтын боламыз.

Эволюция және гендер

Психологтар гендерлік айырмашылықтарды түсіндіру мақсатында эволюция және мәдениет түсініктеріне назар аударды.

Гендерлік айырмашылықтарды зерттеуші Дайан Хэлперн «зерттеулер арқылы, сан алуан түрлер мен түрлі мәдениеттерді салыстыру арқылы жыныстық айырмашылықтарға тыңғылықты дәйектердің табылғандығын» алғатартады. Геллап институты 1990 жылы америкалықтар арасында «Қалай ойлайсыздар, ер адамдар мен әйелдердің тұлғалық қасиеттерінің, мүдделері мен қабілеттерінің әртүрлі болуының басты себебі қандай?» деген сауалнама жүргізген. «Бұл, негізінен, ер адамдар мен әйелдердің алған тәрбиесіне байланысты ма, әлде олардың биологиялық жаратылысындағы ерекшелік пе?» деген сұраққа респонденттердің тең жартысы «тәрбие» деп жауап берсе, қалғандары «биология» деген.

Әрине, ер адамдар мен әйелдердің жаратылысында бірқатар нақты биологиялық айырмашылықтар бар. Ер адамдардың гендік ерекшеліктері аң аулауда қажетті бұлшық ет массасын жетілдіруге көмектесті. Ал әйелдердің гендік ерекшеліктері нәрестені емізуге мүмкіндік береді. Ер адамдар мен әйелдердің биологиялық айырмашылықтары тек қана көбеюмен және физикалық мүмкіндіктермен шектеле ме? Әлде ер адамдар мен әйелдердің гендері, гормондары мен миында болатын өзгешеліктер олардың мінез-құлқының қалыптасуына әсер ете ме?

Гендер және серіктес таңдау

Жер бетіндегі барлық елде агрессиялық, доминанттық және сексуалдылық бойынша гендерлік айырмашылықтардың сақталуына байланысты эволюциялық психолог Дуглас Кенрик мынадай ұйғарым жасаған: «Біз адамзат дамуының эволюциялық тарихын өзгерте алмаймыз. Түрлер арасындағы қайсыбір айырмашылықтардың кездесуі, әлбетте, осы тарихтың салдары». Эволюциялық психология ер адамдар мен әйелдердің бейімделу міндеттері ұқсас жағдайларда жыныстық айырмашылықтардың болуы туралы болжам жасай алмайды. Ер адамдарда да, әйелдерде де дене жылуы тері арқылы реттеледі. Ағзаның пайдалы заттармен қоректенуі үшін олардың азық-түлікке деген талғамдары да көбіне ұқсас болады. Оларда да терінің бөгде затпен қажалған аумағында тері қатайып, мүйізденеді. Дегенмен, эволюциялық психология ер адамдар мен әйелдердің танысуға, серіктес таңдауға және көбеюге байланысты мінез-құлықтарындағы жыныстық айырмашылықтарға болжам жасай алады.

Мысалы, ер адамдардың сексуалдық әрекетін қарастырып көрейікші. Орта есеппен алғанда, ер адам өз ғұмырында триллиондаған шауһат бөліп шығарады. Оның биологиялық құнының аналық жасушаларға қарағанда төмен болатыны содан. Сонымен қатар әйел адам жүкті болып, бір перзентті дүниеге әкелем дегенше, ер адам өз ұрығын көптеген әйелдерге таратып жіберуге қабілетті. Әйелдердің баланы дүниеге әкелуіне 9 ай уақыт керек болса, ер адамдардың ұрпақ қалдыруына 9 секунд та жеткілікті болуы мүмкін. Олай болса, эволюциялық психологтар айтқандай, әйелдер ресурстық және міндеттемелік жағдайларды айқындап алып, өздерінің репродукциялық мүмкіндіктерін мұқияттылықпен «инвестициялайды». Ер адам өз



генінің болашағы үшін басқа ер адамдармен өзара бәсекеге түсіп, «генетикалық лотереяны» жеңіп алуға ұмтылады. Басқаша айтқанда, ер адамдар өздерінің «тұқымдары өніп шығу үшін құнарлы топырақ» іздейді.

Бұл процестің әрқашан саналы түрде жүзеге аса бермеуі ықтимал. Құмарлықтың жетегінде кеткен жандардың ұрпақ қалдыруды ойлауға шамасы жете бермейді. Эволюциялық психологтардың көзқарасы бойынша, біздің ынтық іс-әрекетіміздің өзі ұрпақтарға ген қалдырудың бірден-бір жолы болып табылады. Ашығу сезімі ағзаның қоректік заттарға деген қажеттілігін білдіретіні сияқты эмоциялар эволюция талаптарын жүзеге асырады.

Эволюциялық психологияның болжамынша, еркектер өмір сүруге қажетті ресурстар мен физикалық қорғаныс сияқты әйел затына қажетті дүниелер де ұсынады. Қораз тауыстар ұрғашыларының ықыласына бөлену үшін қауырсындарын жайса, ер адамдар әйелдердің көңілінен шығу үшін шымыр дене бітімін, «Ауди» автокөлігі мен мүлігін жарқыратып көрсетіп жатады. «Сайып келгенде, ер адамның жетістігі әйелге сый-құрмет, ілтипат көрсете білуде», – дейді Гленн Уилсон.

Әйелдер де ер адамдардың таңдауына лайық болуды көздейді. Сондықтан олар әрі жас, әрі денсаулығы мықты әйел ретінде көрінуге тырысып, төстерін үлкейтеді, әжімге қарсы ботокс екпесін салдырады, денедегі майды липосакция арқылы сылдырып алдырады. Әйелдер мен ер адамдардың ерлі-зайыпты өмірді қаншалықты қалайтындықтарын мына зерттеу жұмыстарына қарап білуге болады. Енді соларды қарастырайық.

Австралиядан бастап, Замбияға дейінгі 37 елде жүргізілген зерттеу жұмыстары барлық жерде ер адамдар бет әлпеті және дене бітімі сияқты физикалық ерекшеліктері сырттай қарағанда жас адамдарға сәйкес келетін, дүниеге бала әкелуге қабілеттілікті білдіретін әйелдерге қызығушылық танытатыны анықталды. Ер адамдардың байлығы, күші мен амбициясы ұрпақты қорғауға және тәрбиелеуге кепілдік беретіндіктен, бүкіл әлемдегі әйелдер осындай ер адамды қалайды.

Барлық елде ер адамдар жас шамасы және ерекшеліктері дүниеге бала әкелу мүмкіндіктеріне сәйкес келетіні барынша айқын көрінетін әйелдерге көп қызығады. Жеткіншектер үшін мұндай әйелдер өздерінен бірнеше жас үлкен болады. 20 жастың ортасына келген жігіттер жас шамалары өздеріне қатарлас қыздарды таңдайды. Егде тартқан ер адамдар жас әйелдерге назар аударады.

Жалпы, ер адамдар қартаң тартқан сайын жас айырмасы үлкен болса да, жас әйелдерді таңдайды. Алайда ер адамдардың физикалық тартымдылығы әйелдердің қанағаттануына әсер етпейтін көрінеді. Сондықтан эволюциялық психологтардың пікірінше, табиғи сұрыпталудың негізінде әйелдердің дүниеге бала әкелу мүмкіндіктеріне байланысты ерекшеліктеріне ер адамдар қызығушылық танытады.

Жыныс және гормондар

Егер ген жыныстық белгілерге негіз болса, бұл біздің денемізден байқалады. Еркек эмбрионда арнайы ген аталық ұрық безінің құрылуына ықпал етеді. Аталық безден ер адамдардың сыртқы көрінісі мен басқа да ерекшеліктеріне әсер ететін аталық гормон – тестостерон бөлінеді. Құрсақ ішіндегі даму кезінде қыздарда тестостерон мөлшерден артық болып кетуінен басқа қыздарға қарағанда олар тентектеу, ойнақы мінез-құлықпен ерекшеленеді.

Агрессия бойынша гендерлік айырмашылық та тестостеронның әсерінен болу керек. Әртүрлі жануарлардың қанына тестостерон жібергенде, олардың агрессиясы артады. Зорлық-зомбылыққа бейім, қылмыскер ер адамдарда тестостерон қалыпты деңгейден әлдеқайда жоғары болады. Сондай жағдай ұлттық футбол лигасының ойыншыларында және шулы жиын мүшелерінде де кездеседі. Сонымен қатар адамдарда да, маймылда да агрессиядағы гендерлік айырмашылық жас кезінде айқын көрінеді және ересек кездегі тестостерон деңгейінің төмендеуіне байланысты бәсеңдейді. Бұл ұйғарымдардың ешқайсысы әзірше нақты дәлелденбеген. Бұлардың барлығы ықпалдасып, көптеген ғалымдарға жыныстық гормондардың маңызын анықтап береді. Бірақ көріп жүргеніміздей, мәдениет те сондай маңызға ие.



Адамдар орта жасында және одан кейін кемел шаққа жеткенде де қызықты құбылыстар болып тұрады. Әйелдер анағұрлым өздеріне сенімді және батыл болса, ер адамдар әлдеқайда эмпатияға бейім келеді және доминанттығы азаяды. Гендерлік айырмашылықтардың азаюын гормондардың өзгеруі арқылы түсіндіруге болады. Сонымен қатар әлеуметтік рөлдерге деген талаптар тағы бар. Кейбіреулер әлеуметтік жауапкершілік қыз бен жігіт болып алғаш кездесіп, алғаш ата-ана болып жүрген кездерінде ер адамға да, әйелге де өз рөлдерін күшейтетін ерекшеліктерді айқындауға мүмкіндік береді деп болжайды. Илтипат, құрмет көрсету, қолдап, көмектесу және қорғау кезінде ер адамдар өздерін нағыз азамат ретінде көрсетіп, өздерінің өзара тәуелділік пен қамқорлыққа деген қажеттіліктерінен бас тартады. Танысқан кезде немесе кішкене балаларды тәрбиелеу барысында жас әйелдер барынша тәуелсіз болуға тырысып, өз импульстарын тежеп ұстайды. Уақыт өте келе ер адамдар мен әйелдер ұстамды үрдістерді көбірек танытады. Олардың әрқайсысы анағұрлым батыл және қамқор адамдар ретінде андрогенділік таныта бастайды.

Эволюциялық психология туралы ойлар

Геннің ұрпақтарда жалғасуын қамтамасыз ететін физикалық және мінез-құлық ерекшеліктерін іріктеп алатын табиғи сұрыпталу процесі дау тудырмаса да, сыншылар эволюциялық түсініктемелердегі кейбір мәселелерге назар аударады. Эволюциялық психологтар кейде әсерлі нәтиже беретін жұмыстан бастайды, одан кейін оны түсіндіру үшін өткен шаққа кері «қайтады».

Олардың пікірінше, әйелдер мен ер адамдардың айырмашылықтарын мәдени түсіндіруде хиндсайттың рөлі аз емес. Себебі ер адамдар мен әйелдердің өмір сүру ортасындағы мәдениет олардың мінез-құлқын әлеуметтендіреді. Адамдардың атқаратын рөлдерінің уақыт пен орынға байланысты өз айырмашылықтары болады және «мәдениет» рөлдерді түсіндіргеннен гөрі жақсы сипаттайды. Эволюциялық психологтардың өрісі – уақыт өткеннен кейін барып қарапайым түрде топшылау емес, жануарлардың мінез-құлқы туралы мәліметтердің және мәдениетаралық бақылаулардың, гормондық және генетикалық зерттеулердің эволюциялық болжамын талдайтын эмпирикалық ғылым.

Жүргізілген бақылау жұмыстары көптеген ғылыми салалардағы сияқты жаңа, тексеруге болатын болжамдар негізінде теориялар құруға шабыттандырады. Болжамдар байқалмаған құбылыстарды ескеруге және теорияны растауға, теріске шығаруға немесе қайта қарастыруға мүмкіндік береді.

Сыншылар топтық зорлық-зомбылыққа, қызғанышпен кісі өлтіруге және зорлауға қатысты эволюциялық түсініктемелер ер адамдардың агрессиясын табиғи мінез-құлық ретінде нығайтады және ақтайды деп қауіптенеді. Олардың қауіпі әйелдерін алдап, әлдеқайда жас әйелдермен көңіл жарастырған ер адамдардың қылығына да қатысты. Бірақ эволюциялық психологтар эволюциялық даналықтың өткеннен жеткен даналық екенін ескертеді. Эволюция қандай мінез-құлықтың түр ретінде өзекті болғанын ашады. Қазіргі заманда мұндай процестердің әлі де бар екені және олардың әлеуметтік жарамдылығының әлдеқайда төмен болуы – бұл мүлде басқа мәселе.

Эволюциялық психологияның сыншылары эволюция біздегі ортақ сипаттарды да, біздегі айырмашылықтарды да түсіндіруге көмектесетінін мойындайды. Бірақ, олардың пікірінше, біздегі ортақ эволюциялық мұра арқылы адамдардың некелесу үлгілеріндегі орасан зор мәдени айырмашылықтарды болжап, айту мүмкін емес. Сонымен қатар мінез-құлық үлгілеріндегі мәдени өзгерістер ондаған жылдардан кейін түсіндірілмейді. Табиғаттың бізге берген ең маңызды қасиеті – үйрену және өзгеру үшін бейімделуге қабілеттілік. Эволюцияның қорғаушылары оның генетикалық детерминизм еместігін ескертеді. Себебі эволюция бізді әртүрлі орталарға бейімделу үшін дайындады. Мәдениеттердің әртүрлі болатынына және оның өзгергіштігіне бәрі келіседі.



Кітап: Әлеуметтік психология

Тарау: 2. Мәдениет және ген

Дәріс: 5. Эволюция және гендер. Мәдениет және жыныс

Мәдениет және гендер

Гендерлік рөлдердің уақыт пен орынға тәуелділігі - мәдениеттің әсерінің айқын көрінісі.

Мәдениет, біз айтып кеткендей, үлкен топқа ортақ болады және ұрпақтан-ұрпаққа идеялар, көзқарастар, мінез-құлықтар, салт-дәстүрлер арқылы беріледі. Сондай-ақ еркектер мен әйелдердің мәдениет идеяларын білгенмен, оларды бұзу жағдайлары мәдениетті қабылдамағанын көрсетеді. Бір ғана ел емес, жалпы, дүниежүзіндегі қыздардың көп уақыты үй шаруасына және бала күтіміне кетеді. Ал ер балалар көп уақыт ересектер тарапынан бақылаусыз, өз беттерімен ойнайды. Тіпті қазіргі Солтүстік Америкадағы ерлі-зайыптылардың екеуі бірдей жұмыс істесе де, тұрмыстық жұмыстардың басым бөлігін еркектер жасайды, ал балалар күтімімен әйелдер айналысады.

Гендерлік әлеуметтену, жоғарыда айтылғандай, қыздарды «тамырландырады» және ер балаларды «қанаттандырады». Тамақ дайындау, ыдыс жуу, аң аулау, сондай-ақ компаниялар мен мемлекетті басқару сияқты іс-әрекеттер бойынша еркектер мен әйелдердің мінезқұлықтарына қатысты нормалар гендерлік рөлдерді анықтайды. Әр елдегі және әр замандағы гендерлік рөлдердің сан алуандығы мәдениеттің гендерлік рөлдерді шын мәнінде қалыптастыруға әсер ететінін көрсетеді.

Мәдениетке қатысты гендерлік рөлдердегі өзгерістер

Гендерлік теңсіздіктерге қарамастан, әлем халқының көпшілігі ер адам мен әйел рөлдерін параллель көргісі келеді. 2010 жылы сауалнамаға қатысқан 25 000 адамнан ерлі-зайыптылардың екеуі де жұмыс істеп, бала күтімімен бірлесе айналысса немесе ер адам отбасын қамтамасыз етсе, онда әйел үйде отырып балаларға күтім жасаса, оларда мұндай өмір жағдайына қанағаттану болатыны немесе болмайтыны сұралды. 22 елдің 21-інде ерлі-зайыптылардың көпшілігі екеуінің де жұмыс істеуін таңдаған.

Дегенмен елдер арасында үлкен айырмашылықтар бар. Әлем халықтары көпшілігінің пікірімен пәкістандықтардың 4-тен 1-і келіспеген болса, ал испандардың 13-тен 1-і келіскен. Жұмыс орындары жеткіліксіз болған кезде жұмысқа тұруға еркектерге құқық алдымен беріле ме? Мұны Британияда, Испанияда және Америка Құрама Штаттарында 8 адамның 1-еуі және Индонезияда, Пәкістан мен Нигерияда 5 адамның 4-еуі құптаған.

Гендерлік рөлдердің уақытқа байланысты өзгеруі

Соңғы жарты ғасырда – ұзақ тарихымыздың қысқа бөлігінде гендерлік рөлдер күрт өзгерді. 1938 жылы 5 америкалықтың 1-еуі ғана «күйеуі қолдағанмен, өз бетімен бизнес немесе өндіріс саласында табыс табатын некелі әйелдің ұстанымын мақұлдаған». Ал 1996 жылы мұндай тұрмыстағы әйелдің жұмыс істеуін әрбір 5 америкалықтың 4-еуі құп көрген. 1970 жылдардың соңында АҚШ-тағы 12-ші сынып оқушыларының 59%-ы «анамыз жұмыс істейтін болса, мектеп жасына дейінгі бала қиналып қалады» деген пікірмен келіскен. Дегенмен бұл пікірге 2013 жылы 12-ші сынып оқушыларының тек 21%-ы ғана қосылады. 1960–1970 жылдарда АҚШ-та шыққан кітаптарда еркектерге қатысты есімдіктер әйелдерге қатысты есімдіктерден 4 есе артық кездессе, 2008 жылы бұл арақатынас екі де бір болып қысқарған.

Үйдегі жағдай да өзгерді. 1960 жылдардың ортасында некедегі америкалық әйелдер үй шаруасына күйеулеріне қарағанда жеті есе көп уақыт бөлген. 2013 жылға қарай гендерлік айырмашылықтар азайды, бірақ сақталып қалды: орташа есеппен еркектердің 19%-ы және әйелдердің 49%-ы күнделікті үй шаруасымен айналысады. Сондай-ақ орташа есеппен үй шаруасына әйелдер – 2,6 сағат, ал еркектер 2,1 сағат уақыт жұмсаған. 2011 жылы аналар әкелермен салыстырғанда бала күтіміне екі есе көп уақыт жұмсаған. Сонымен қатар 1965 жылға қарағанда аналар ақылы жұмысқа үш есе көп уақытын арнаған. Бірақ оларға еңбекақы ретінде әлі күнге дейін еркектермен салыстырғанда екі есеге жуық аз төленеді.



Кітап: Әлеуметтік психология

Тарау: 2. Мәдениет және ген

Дәріс: 5. Эволюция және гендер. Мәдениет және жыныс

Әртүрлі мәдениеттегі және өте қысқа мерзімдегі мұндай өзгерістер эволюция мен биологияның гендерлік рөлдерді айқындап, қалыптастырмайтынын білдіреді: уақыт та жыныстық ерекшеліктерді өзгертеді. Сонымен қатар уақыт мәдениеттерді бейбітшілікке бағыттауы мүмкін: гендерлік теңдік орнаған қоғамдардың соғысқа қатысу ықтималдығы азаяды және оларда қатыгездік таныту әлдеқайда сирек кездеседі.

Құрдастар арқылы мәдениеттің меңгерілуі

Джудит Рич Харрис баланы тәрбиелеудегі басты постулатты былайша атайды: баланың «адам болуы» ата-ана тәрбиесіне байланысты болады. Бұған фрейдистер мен бихевиористер және сіздің жақын көршіңіз де келіседі. Ата-анасының сүйікті балалары мен зорлық-зомбылық көрген балалардың кейбір шектен шыққан жағдайларын салыстырғанда, ата-ана тәрбиесінің маңызды екені айқындалады. Сонымен қатар балалар көптеген құндылықтарды, соның ішінде саяси бағытты және діни сенімді үй жағдайында меңгереді. Бірақ балалар ата-ананың өнегесімен тұлға ретінде қалыптасып, тәрбиеленсе, онда бір отбасындағы балалар бірдей болуы керек қой, солай ма?

Бұл презумпцияны даму психологиясына қатысты кейбір мәліметтер жоққа шығарады. Мінез-құлық генетиктері Роберт Пломин мен Дениз Дэниелстің өміршең сөздері бар: «Халық ішінен кездейсоқ таңдалған екі баланың бірдей болмайтыны сияқты, бір отбасындағы екі бала да бір-бірінен өзгеше болады».

Егіздерді, биологиялық және асырап алынған ағайынды ер балалар мен қыздарды зерттеу тұлғалық қасиеттердегі жеке-дара ерекшеліктердің шамамен 50%-ын генетикалық әсердің нәтижесі ретінде түсінуге болатынын көрсетті. Қоршаған ортаның, соның ішінде үйдегі жағдайдың жалпы әсері бұл жеке-дара ерекшеліктердің тек 0-ден 10%-ына дейінгісін ғана анықтайды. Ал басқа қалған ерекшеліктер неге байланысты? Харристың пайымдауынша, олардың басым бөлігі құрдастардың ықпалынан болады. Балалар мен жеткіншектерге көбіне ата-ананың айтқандары емес, достарының ой-пікірлері маңызды сияқты. Балалар мен жастар өздерінің мәдениетін – ойындарын, музыкалық стильдерін, сөйлеу мәнерін, тіпті ерсілеу сөздерін, негізінен, құрдастарынан біліп, үйренеді. Көптеген жеткіншектердің сөйлегендері, әрекеттері және киіну үлгілері өздерінің ата-аналарына емес, құрдастарына, достарына ұқсайды. Мұның өткен шақты қарастыру, яғни хиндсайт тұрғысынан мағынасы бар. Құрдастар – бірге ойнайтын, кейіннен бірге жұмыс істейтін және жақын қатынаста болатын, жас шамасы бойынша қатарластар. Төмендегі мәліметтерді қарастырайық.

- Мектеп жасына дейінгі балалар өздеріне таныс емес тағам түрлерін ұнатып жей қоймайды. Олар ата-ананың өтінішіне, алдарқатуына да көнбей, көбінесе тағамның дәмін тартпастан бас тартады. Бірақ бұл талғампаз балалар сол тағамды ұнататын басқа балалармен бірге дастархан басына отырғанда, олар алдындағы астан бас тартпайды.

- Шылым шегетін ата-ананың балалары кейін шылым шегуге аса бейім болса да, бұл әлдеқайда шартты әсер сияқты. Балалардың шылым шегуді бастауына темекіден рахаттануға баулитын және осы темекінің өзін беретін, шылым шегуді үлгілейтін досының әсері әлдеқайда күшті болады.

- Отбасылары шетелдік мәдениетке кірген, иммигрант жас балалар әдетте жаңа құрдастарының тілі мен солардың мәдениетіндегі нормаларды артық көреді және қабылдап, өседі. Қытайдан Америка Құрама Штаттарына отбасымен бірге қоныс аударған жас баланың ата-анасы ағылшын тілін ешқашан үйрене алмаса да немесе ағылшын тілінде таза сөйлей білмесе де, баланың өзі еркін әрі америкалық мәнермен сөйлеп кетеді. Жастар өздерінің үйлеріне қайта оралғанда «кодты қайтадан ауыстырып жіберуі» мүмкін, бірақ олардың жүректері мен ақыл-ойлары құрдастарымен бірге болады. Сондай-ақ арнайы мектептерге баратын есту қабілетінде мүкістігі бар балалар әдетте ата-аналар мәдениетінен шеттеп, естімейтін адамдар мәдениетіне кірігеді.

Сол себепті өз деректерін шегіне жеткізе айтқан Харристың болжамы бойынша, егер балаларды өз топтарымен сол бұрынғы мектептерінде, сол бұрынғы көршілері мен сол бұрынғы



Кітап: Әлеуметтік психология

Тарау: 2. Мәдениет және ген

Дәріс: 5. Эволюция және гендер. Мәдениет және жыныс

құрдастарының ортасында қалдырып, ал ата-ана тарапынан ықпал болмаса, онда балалардың барлығы «ересек адамдар болып шығар еді». Ата-ананың балаға әсері орасан зор. Бірақ ата-ананың әсері жанама түрде болады. Олар балаларына мектебін, ауданды және құрдастарын анықтауға көмектеседі. Ал мектеп, аудан, құрдастары балалардың құқық бұзуына, есірткі қолдануына немесе жүкті болуына тікелей әсерін тигізеді. Оған қоса, балалар көбінесе өздерінен ересектеу балалардың ықпалында болып, соларға еліктейді; ал олар өз кезегінде өздерінен үлкен жастардан, жастар болса ата-анамен шамалас ересектерден үйреніп, үлгі алады.

Ата-аналар тобының балалар тобына әсері жеткілікті түрде еркін болады. Сондықтан топтар арасындағы мәдениет трансмиссиясы ешқашан жетілгендік танытпайды. Адамдардың мәдениетінде де, приматтардың арасында да өзгерістерге жастар бастамашы болады. Бір маймыл қоректік затты жібітудің үздік тәсілін тауып алса немесе адамдар соңғы сән, гендерлік рөлдер туралы жаңа идеялар ойлап шығарса, бұл жаңашылдықтың барлығы әдетте жастар тарапынан болады және оларды жас адамдар әлдеқайда жеңіл үйреніп, қабыл алады. Олай болса, мәдени дәстүрлер жалғасады, бірақ мәдениеттер өзгереді.

Әлдеқайда көбірек зерттелетін рөлдер – гендерлік рөлдер; олар биологиялық әсерді бейнелейді. Сондай-ақ гендерлік рөлдер мәдениеттің күшті ықпалын көрсетеді. Әйелдерге қарағанда әлеуметтік басым болу рөлі еркектер үшін жалпыға ортақ үрдіс болады.

Биология және мәдениет

Эволюция мен мәдениетті бәсекелестер ретінде қарастырмау керек. Мәдени нормалар біздің ұстанымға және мінез-құлыққа астыртын әрі пәрменді әсер етеді. Бірақ нормалар әсері биологиялық жаратылыстан тәуелсіз болмайды. Сайып келгенде, барлық әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктер биологиялық жаратылысқа негізделеді. Егер басқалардың бізге артқан үміті әсер етсе, онда бұл – біздегі биологиялық «бағдарламаның» бір бөлігі. Оған қоса, біздің жаратылыстағы биологиялық мұраның негізінде мәдениеттің беки түсуі мүмкін. Әйелдерге қарағанда ер адамдар ген мен гормондар әсерінен физикалық агрессия танытуға әлдеқайда бейім болады. Осындай айырмашылықтарға байланысты мәдениет нормалары негізінде ер адамдар қаталдау, ал әйелдер мейірімді болады деген тұжырымдар бар.

Сондай-ақ биология мен мәдениет өзара әрекеттесуі мүмкін. Генетика ғылымындағы жетістіктер тәжірибе арқылы ген негізіндегі мида болатын өзгерістерді көрсетеді. Ата-ананың балаларын сипап, құшақтап аймалауы олардың болашақта стрестік жағдайлармен күресуіне көмектесетін генді белсендіреді.

Қоршаған ортаның ықпалына қатысты биологиялық ерекшеліктердің өзгеруі биология мен тәжірибенің өзара әрекеттесуін анықтайды. Ер адамдардың орташа есеппен бойлары 8 пайызға биік және бұлшық ет массасының үлесі екі есе дерлік артық жаратылуы олардың өмір сүру дағдыларының әйелдерден өзгеше болуын міндеттейді. Немесе мына жағдайға назар аударыңыз: өте қатаң мәдени нормалар ер адамдардың өз жұбайларынан бойының биігірек болуын талап етеді. Бұл норманы АҚШ-тағы бір зерттеу бойынша 720 ерлі-зайыпты жұптың тек 1-еуі ғана сақтамаған. Өткенді зерделеп, бұған психологиялық түсініктеме бере аламыз: ер адамдар бойының әлдеқайда биіктеу жаратылуы әйелдерге өздерінің әлеуметтік үстемдігін жүргізуге көмектесетін болар.

Әлеуметтік мінез-құлықта гендерлік айырмашылықтардың пайда болуы туралы әлеуметтік-рөлдік теория. Әртүрлі әсер, оның ішінде балалық шақтағы өмір тәжірибесі мен факторлар ер адамдар мен әйелдерді сан алуан рөлдерге бейімдейді. Бұл рөлдерге байланысты күтулер, дағдылар мен нанымдар ер адамдар мен әйелдердің мінезқұлқына ықпалын тигізеді.

Алиса Игли мен Уэнди Вуд биология мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін теориялық тұрғыдан қарастырады. Олар гендерлік еңбек бөлінісіне көптеген факторлар, соның ішінде биологиялық ықпалдар мен бала кездегі әлеуметтену процесі әсер ететінін айтады. Есейген кездегі өмірде гендерлік еңбек бөлінісін бейнелейтін рөлдер әлеуметтік мінез-құлықтағы гендерлік айырмашылықтардың нақты себептері болады. Ер адамдардың биологиялық жаратылысы бойынша күш-қуатқа ие және жылдам қимыл-әрекет етуге бейім болуы, оларды



Кітап: Әлеуметтік психология

Тарау: 2. Мәдениет және ген

Дәріс: 5. Эволюция және гендер. Мәдениет және жыныс

әдетте физикалық күшті талап ететін рөлдерде байқатады. Әйелдердің дүниеге бала әкелуге және нәрестені емізуге қабілеттігі оларды көбінесе тәрбиелеуші рөлдеріне бейімдейді. Ер адамдар мен әйелдер өз рөлдеріне, қалыптасқан дағдылар мен нанымдарына сәйкес келетін мінез-құлық танытуға ұмтылады. Табиғат пен тәрбиені «шырмалған тор» деуге болады. Игли рөлдік талаптар әлдеқайда теңескен кезде гендерлік айырмашылықтардың «біртіндеп азаятынын» болжайды.

Шын мәнінде Игли мен Вуд гендерлік рөлдер өзара теңескен елдерде серіктеске қойылатын талап-тілектер бойынша гендерлік айырмашылықтар аз болатынын байқаған. Сол сияқты бұрын тек ер адамдар меңгеретін мамандықтарға әйелдердің қамтылу деңгейі өскен сайын ер-азаматтықты өзіндік бағалау бойынша гендерлік айырмашылық та азая түскен. Ер адамдар мен әйелдердің ортақ рөлдерді қабылдауының көбеюінен кейбір психологиялық айырмашылықтар азаяды, бірақ олар жоғалып кетпейді.

Биология ер адамдарды күш-қуатты қажет ететін істер үшін және әйелдерді нәресте күтімі үшін бейімдесе де, Вуд пен Игли «әйелдер мен ер адамдардың мінез-құлқы жеткілікті түрде икемді, олар бір-бірінің ұйымдастырушы рөлдерін барлық деңгейде тиімді орындауға барынша қабілетті екенін» пайымдайды.

Жағдайлар ықпалы және тұлға

Мүмкін, мәдениеттің өзіңізге тигізетін ықпалын ерекше бөліп көрсету сізге ұнамсыз болар. Сыртқы ықпалдар сіздің мінезіңізді анықтай ма? Көпшілігіміз өз әрекеттеріміздің бастамашысы ретінде анықтап, біздің әрекеттерге еріктілік тән деп санаймыз. Біздің әрекеттеріміздің мәдениет тұрғысынан түсініктемелері философ Жан-Поль Сартр атаған «жаман наным-сенімге» – жауапкершіліктен қашуға және өз тағдырымыз үшін басқаны айыптауға әкелуі ықтимал.

Нақтысында, әлеуметтік бақылау және тұлғалық бақылау биологиялық және мәдени түсіндірмелер сияқты емес, яғни олар бір-біріне қарама-қарсы келмейді. Әлеуметтік және тұлғалық түсініктемелердің екеуі де әрекеттерді, мінез-құлықты түсіндіруде өзекті саналады. Себебі біз әрқашан және бір сәтте өзіміздің әлеуметтік әлемдердің әрі жаратушысы, әрі оның жаратқан тұлғасы боламыз. Біз өзіміздегі ген мен қоршаған ортаның өзара байланысының өнімдері ретінде анықталамыз. Бірақ бізден болашақ та алыс емес, сондықтан оның қандай болатынын шешу – өз міндетіміз. Біздің ертеңіміз бүгінгі таңдауымызға байланысты болмақ.

Әлеуметтік жағдайлар адамдарға орасан зор ықпалын тигізеді. Бірақ адамдар да әлеуметтік жағдайларға әсер етеді. Сонда оларға өзара әрекеттесу тән. «Мінез-құлықты анықтайтын сыртқы жағдайлар ма, әлде ішкі тұлғалық диспозициялар ма?» деп сұрақ қою, әлбетте, «Бөлменің ауданын анықтайтын ұзындық па, әлде ені ме?» дегенмен бірдей. Өзара әрекеттестік кем дегенде үш тәсілмен жүзеге асырылады.

- Нақты бір әлеуметтік жағдайдың әртүрлі адамдарға ықпалы көбінесе әртүрлі болады. Адамдардың психикасы ақиқатты бірдей әрі объективті бейнелемейді. Сондықтан әркім нақты бір жағдайды өзінше түсініп қабылдайды да, оған өзінше жауап береді. Кейбір адамдар басқаларға қарағанда әлеуметтік жағдайларға аса сезімтал және ықыласты болады. Мысалы, жапондықтар британдықтарға қарағанда әлеуметтік болжамдарға ерекше сезімталдық танытады.

- Жағдайларды адамдар көбінесе өздері таңдайды. Таңдау барысында қарым-қатынаста ашықтық танытуға қабілетті адамдар өзара әрекеттесуге мүмкіндік беретін әлеуметтік жағдайларға көңіл аударады.

- Өздеріне ықпал ететін жағдайларды көбінесе адамдар өздері құрап, қалыптастырады. Тағы да еске түсірейік, біздің қате түсініктеріміз шынымен жүзеге асуы мүмкін: егер біреуден экстраверттік, қаскүнемдік, интеллектуалдық немесе сексуалдық белгілер күтсек, ол осыған орай, біз күткен мінез-құлықты танытуы мүмкін. Жалпы, адамнан басқа әлеуметтік жағдайды кім қалыптастырады?



Кітап: Әлеуметтік психология
Тарау: 2. Мәдениет және ген
Дәріс: 5. Эволюция және гендер. Мәдениет және жыныс

Қорытынды

Биологиялық және мәдени түсініктемелер бір-бірімен қарама-қарсы болмауы керек. Нақты айтқанда, оларға өзара әрекеттестік тән. Биологиялық факторлар белгілі бір мәдени контекске бағдарланады, ал мәдениет биологиялық негізде құрылып, меңгеріледі.

Егер әлеуметтік ықпалдың күші туралы ұлы шындық өзін толықтырушы шындықтан – тұлға ықпалының күшінен ажыратылып қарастырылса, онда ол – бұл шындықтың тек жартысы ғана болады. Тұлғалар мен жағдайлар кем дегенде үш жолмен өзара әрекеттеседі. Біріншіден, адамдардың бір-бірінен айырмашылығы олардың нақты бір жағдайды түсініп, жауап беруімен анықталады. Екіншіден, адамдар өздеріне ықпал ететін жағдайлардың көбін өздері таңдайды. Үшіншіден, адамдар өздерінің әлеуметтік жағдайларының қалыптасуына өздері көмектеседі.